

## Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері мен оларды алушылар санаттарының тізбесін айқындау туралы

Маңғыстау облысы Маңғыстау аудандық мәслихатының 2025 жылғы 21 қарашадағы № 23/184 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабы 2-9 тармақтарына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 14-1 бабына және "Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2025 жылғы 30 мамырдағы № 187 бұйрығына сәйкес Маңғыстау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімге 1-қосымшаға сәйкес тұрғын үй сертификаттарының мөлшері айқындалсын.

2. Осы шешімге 2-қосымшаға сәйкес тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі сәйкес айқындалсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихат төрағасы Е.Махмұтов*

Маңғыстау аудандық мәслихатының  
2025 жылғы "21" қарашадағы  
№23/184 шешіміне №1 қосымша

### Тұрғын үй сертификаттарының мөлшері

1. Қарыз сомасынан 10 пайыз, алайда әлеуметтік көмек түрі ретінде 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық емес.

2. Қарыз сомасынан 10 пайыз, алайда әлеуметтік қолдау түрі ретінде 1 000 000 (бір миллион) теңгеден артық емес.

Маңғыстау аудандық мәслихатының  
2025 жылғы "21" қарашадағы  
№23/184 шешіміне №2 қосымша

### Тұрғын үй сертификаттарының алушылар санаттарының тізбесі

№	Атауы
1	Жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер

2	Басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері
3	Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдар
4	Мүгедектігі бар балалары бар немесе оларды тәрбиелеп отырған отбасылар
5	Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітетін аурулар тізімінде аталған кейбір созылмалы аурулардың ауыр түрлерімен ауыратын адамдар
6	Жасына қарай зейнет демалысына шыққан зейнеткерлер
7	Кәмелетке толғанға дейін ата-аналарынан айырылған жиырма тоғыз жасқа толмаған жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жатады. Мұндай адамдардың жасы әскери қызметке шақырылған кезде мерзімді әскери қызметтен өту мерзіміне ұзартылады
8	Қандастар
9	Экологиялық зілзалалар, табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар салдарынан тұрғын үйінен айырылған адамдар
10	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана данқы" ордендерімен наградталған көпбалалы аналар, көпбалалы отбасылар
11	Мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерін, әскери қызметін орындау кезінде, ғарыш кеңістігіне ұшуды дайындау немесе жүзеге асыру кезінде, адам өмірін құтқару кезінде, құқық тәртібін қорғау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) адамдардың отбасылары
12	Толық емес отбасылар
13	Асырауында кәмелетке толмаған балалары және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын, бірақ жиырма үш жасқа толмаған балалары бар жесір әйелдер (тұл ер адамдар)
14	Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы бойынша статистикалық байқауларды талдау негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 20 мамырдағы № 161 бұйрығымен бекітілген "Еңбек ресурстарын болжаудың ұлттық жүйесін қалыптастыру және оның нәтижелерін пайдалану қағидаларына" сәйкес құрылатын еңбек ресурстарының болжамы есепке алумен, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт саласындағы

және өзге де салаларындағы бюджеттік  
ұйымдарының қажетті мамандары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК